

## Шығыстар бойынша шарттардың орындалу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 маусымдағы N 597 Қаулысы

"Республикалық және жергілікті бюджеттерді орындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Республикалық бюджет комиссиясының 2005 жылғы бюджетте көзделген 016 "Денсаулық сақтау объектілерін салу және қайта жаңарту" деген бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаментінде тіркелген 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 5 және 2005 жылғы 21 қазандағы N 334 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен "Mabco Constructions s.a." фирмасы арасында жасалған шығыстар бойынша шарттардың орындалу мерзімін 2006 жылғы 30 қарашаға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.29. N 947 (2006 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы 2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*